

Кафедра оқу, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары саласы бойынша елеулі жетістіктерге қол жеткізді

2024-2025 оқу жылындағы «Философия» кафедрасының ПОҚ құрамы: 7 – философия ғылымдарының кандидаты, доцент; 14 – магистр, аға оқытушы; 2 – оқытушы.

«Философия» кафедрасы жас оқытушыларды қолдау және дамыту бойынша мақсатты жұмыс жүргізеді. Атап айтқанда, 2022 жылы философия магистрі Н.Қ. Дүйсен Л.Гумилев атындағы ЕҰУ "Философия" ББ бойынша докторантурасына, ал 2024 жылы философия магистрі М.К. Танатарова "Философия" ББ бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторантурасына түсті.

Кафедраның аға оқытушысы Ерінұлы Талғат 2024 жылы Л.Гумилев атындағы ЕҰУ - де "6D020100-Философия" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады.



2024 жылғы кафедраның профессор-оқытушы құрамының жұмыла жасаған зерттеулері нәтижесінде Scopus компаниясының деректер базасына кіретін жоғары рейтингті халықаралық ғылыми басылымдарда - 3 мақала, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдар тізіміне енетін журналдарда - 6 мақала, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың еңбек жинақтарында – 60 астам мақала, алыс және жақын шетелдерде өткізілген конференциялардың еңбек жинақтарында – мақалалар және басқа да журналдарда жарық көрді.

Білім алушыларға терең білім беру мен ұтымды тәжірибелер алмасу мақсатында кафедраның профессор-оқытушы құрамы оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар жазып, оны пәндерді оқыту барысында кеңінен пайдалануда. Мәселен: 2021 жылы кафедра доценті, филос.ғ.кандидаты Г.К. Есиркепованың "Философия" атты оқу құралы; 2022 жылы кафедра доценті филос.ғ.кандидаты А.А. Жиенбекованың "Семиотика", филос.ғ.к., доцент Н.А. Ибраеваның "Ұлы дала ойшылдары", 2022 жылы аға оқытушы А.Е. Есимованың

«Философия» пәнінен оқу құралдары; 2023 жылы филос.ғ.к., қауымдастырылған профессоры Б.Б. Арынғазиеваның "Этика және эстетика" пәнінен оқулығы, филос.ғ.к., доцент А.Б.Шалдарбекованың "М. Жұмабаев шығармашылығындағы тарихи таным мәселелері" атты монографиясы, "Тарих философиясы", сонымен қатар доцент А.А. Жиенбекованың "Қазақтардың сәндік қолданбалы өнері" атты оқу құралдары жарық көрді. 2024 жылы филос.ғ.к., доцент Есиркепова Г.К. "XX ғасыр философиясының мәселелері" атты оқу құралы баспадан шықты.

Кафедрада студенттердің ғылыми «Тұңба» үйірмесі жұмыс жасайды, жетекшісі аға оқытушы Бейсенбаев М.А.



Кафедраның тәрбие жұмысының мақсаты жастар саясатын, жастардың шығармашылық потенциалын дамытуға, аға ұрпақты үлгі тұтатын, Абай Құнанбаевтың «ТАЛАП, ЕҢБЕК, ТЕРЕҢ ОЙ, ҚАНАҒАТ, РАХЫМ» талаптарына сәйкес келетін «ТОЛЫҚ АДАМ» тұрғысында дамыту болып табылады.

2024 жылдың 21 қараша Бүкіл әлемдік Философтар күніне орай «Философия» кафедрасының ұйымдастыруымен «Жаһандану дәуіріндегі ұлттық құндылықтардың қажеттілігі» атты іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.



Филос.ғ.к., доцент Жиенбекова А.А. 2024 жылдың қараша айында Ontustik TV телеарнасындағы «Елдіктің жеті тұғыры» атты бағдарламасына қатысып, өзекті мәселелер жайында сөз қозғады.

2024 жылдың желтоқсан айында аға оқытушы Оспанов Д., оқытушы Акмамбетов А.А. Оңтүстік телерадиокешенінде "Мемлекет, қоғам, дін" бағдарламасына қатысып, ф.ғ.к., доцент Спанов М.Ж. «Жалын» қоғамдық бірлестігіне (подкаст) - «Салт дәстүр-тәрбие тірегі» атты тақырыпта сұхбат берді.

